

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

---

VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ  
Алматы, Қазақстан, 02-11 сәуір 2019 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ» атты  
Халақаралық ғылыми конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 02-11 сәуір 2019 жыл

2 том

VI МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ  
Алматы, Казахстан, 02-11 апреля 2019 год

МАТЕРИАЛЫ

Международной научной конференции  
Студентов и молодых учёных  
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 02-11 апреля 2019 год

Том 2

VI INTERNATIONAL FARABI READINGS  
Almaty, Kazakhstan, 02-11 April, 2019

MATERIALS  
International Scientific Conference  
Of Students and Young Scientists  
«FARABI ALEMI»  
Almaty, Kazakhstan, 02-11 April, 2019

Volume 2

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2019

Ислам дінінің келуімен әйелге деген зорлық атаулы күшін жойып, әйелдер ерекше жоғары мәртебеге қол жеткізді. Исламның әйелге бұлай ерекше жоғары мәртебе жетуі, исламның ілгерішіл маңызға ие дін екендігін айғақтайды. Исламның келуімен ескі тағылық, тұрпайы іс-әрекеттердің бәріне тыйым салынып, жеңіл жүріс пен көңіл көтеру, зина секілді азғындықтар жойылып, белгілі бір тәртіпке бағынған абыройлы отбасылар пайда болғанын анықтадық.

Ислам діні әйелдің қоғамдағы орнын биіктетіп, әйелдің құқықтарына құрметпен қарап, оны ана ретінде жоғары бағалауға айрықша көңіл бөлді. Әйелдің абзал жаратылыс екенін түсіндіріп, оған ерекше баға берді. Әйелге Алланың аманаты ретінде қарауға шақырып, оның ешқандай құқығы шектелмегенін аңғаруға болады. Ислам діні, өзімен бірге қайталанбас ұлы жетістіктер ала келді. Соның бірі – әйел құқығы мен құндылығы. Мұның дәлелі ретінде әйелдерге:

- ✓ Дауыс беру.
- ✓ Куәгер болу.
- ✓ Мұрагер болу.
- ✓ Өзінің жеке меншігі болу.
- ✓ Өз жеке меншігінің табыстарын өзі пайдалану;
- ✓ Әйел отбасын асырау үшін нәпақа табуға міндеттелмеуі;
- ✓ Әйел жұмыс істеуге ниеті болса, өз табиғатына сай жұмысты таңдауға құқылы. Мысалы мұғалім, дәрігер, аспаз, тәрбиеші т.б. яғни физикалық тұрғыдан ауыр келетін жұмыстардан сақ болуы өз өмірі, отбасы үшін маңызды;
- ✓ Әйел тапқан нәпақасына өзі иелік жасай алуы;
- ✓ Әйел діни парыздары мен құлшылықтарын өтеуге, білім алуына құқылы және т.б. құқықтар берілді;

Өз жаратылысына сай сүйікті жар, аяулы ана ретінде қашан да оның орнын ислам жоғары бағалаған. Қоғамның тәрбиесін қыз баланың тәрбиесімен ұштастыра қарастырған.

Қорыта айтатын болсақ, Ислам – Алла тарапынан жіберілген соңғы дін. Оның келісімен әлем жанарды. Ондағы жаратылыстың қадір-қасиеті белгіленіп, қызметі айқындалды. Әуелдегі надандық әрекеттерге шек қойылды. Адамдар өз міндеттерін ұғып, борыштарын өтей бастады. Әйелдің өмірдегі орны, отбасындағы дәрежесі бекітілді. Алланың мейірімімен әйелдің үйде атқарған қарапайым қызметінің өзі ғибадат болып саналып, ниетіне қарай сауаптар жазылатындығы Құран аяттары мен хадистерден кездестіруге болады. Ислам әйелдің жоқ болған құқын түгелдей тіктеп берді.

#### Әдебиеттер:

1. Құрманбаев Қ. Исламдағы адам құқықтары. – Алматы 2012. – 25 б.
2. Эвола Ю. Метафизика пола. – Москва: «Наука», 1996. – 233 с.
3. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. // Аударған Халифа Алтай. – Мәдина 1991. – 604 б.
4. Имам Нәуауи. Хадистер жинағы (Риядус-салихин). – Алматы: «Көкжиек» 2011. – 656 б.
5. Абдуллаева М. А., «Правовое положение женщины в исламе». – Дагестан 2008. – №3

## ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ИСЛАМ ДІНІМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

*Шаку М.Е.,*

*магистрант, 2 курс, «Исламтану» мамандығы,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

*Ғылыми жетекші:*

*Байтенова Н.Ж.,*

*филос.ғ.д., профессор*

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Қазақстан әлемдік өзге діндермен қатар дәстүрлі ислам дінін ұстанады. Қазақ қоғамының мұсылмандары Орта Азияда ислам дінінің кең таралған төрт мектептерінің бірі Әбу-Ханифа (мәзһаб) ілімін қолдайды. Бұл мектепте ислам дінімен қатар қазақ ұлтының дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптары бір-бірімен үйлесе байланысқан. Бүгінгі таңда Қазақстанда ислам дінінің өркендеуі теориялық және діни тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар өмірлік маңызы бар қолданбалы сала ретінде де үлкен сұранысқа ие. Ислам мемлекеттің өркендеуінде маңызды фактор болып табылады.

Бұған 2006 жылы Алматыда өткен «Жетісу мұсылмандарының I құрылтайына 100 жыл» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы дәлел болады. Жетісу өлкесі мұсылмандарының бірінші Құрылтайының қаулысында «Бүкіл Орта Азия мұсылмандарының діни-рухани мәселелерімен айналысатын мұсылмандар діни бас басқармасын құру, мүфтиден бастап азаншыға дейінгі дін

қызметкерлер мәселесі, вакуфтар ашу, мектептер мен медреселерді реформалау қажеттілігі» секілді мәселелер көтерілген.

Қазақстан территориясында исламның таралуы мен өркендеуі бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. VIII-IX ғасырлары евразиялық алқаптарға ислам дінінің енуі бірінші кезеңге сәйкес келеді.

2. X-XVII ғасырлары екінші кезең орта ғасырлық мемлекеттерде ислам дінінің қанат жаюы ретінде сипатталады.

3. XVIII соңы мен XIX ғасырдың басы Ресей патшалығына енуі мен суфизм рөлінің төмендеуі және ресейлік колониалдық әкімшілігінің исламға нейтралды саясаты.

4. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы. XIX ғасырдың соңы Қазақстан территориясында ислам позициясының нығаюы Ресей билігінің мүддесіне сай келмеді. Сондықтан нейтралитетті саясаттан исламды қысымға алу саясатына көшеді.

5. 1917 жылдың қазаны мен 90-жылдарға дейін кеңестік дәуірдің бесінші кезеңі басталады. Исламға деген саясат жалпы дінге қатысты саясат аясында жүргізілді. Қазақ діни басқармасы 1923 жылдан кейін орталығы Уфа қаласы болып саналатын ішкі Ресей және Сібір мұсылмандарының Орталық діни басқармасының қарамағына енді. Қазақстандағы ислам дамуының алтыншы (қазіргі) кезеңі.

6. 1980 жылдардың соңынан бастап Қазақстандағы исламның қайта жаңғыруы жүрді. Қазақстандық мұсылмандардың Демократиялық қайта құрулар халықтың дінге сенуінен емес, догматикалық жағына да қызығуға жол ашты. Қазақстан тарихында алғаш рет 1990 жылы жеке мұсылман діни басқармасының (муфтиат) құрылуы айтулы оқиға болып саналады. Оның жанынан құрылған білім ордасы Алматыда «Нұр-Мұбарак» Қазақстан-Мысыр Ислам университеті ашылды.

Кеңес режимінің ұзақ жылдар бойы атеизмді санамызға сіндіріп, дінімізді мүмкіндігінше қыспаққа алуы – қазақтардың ата-баба дінінен ажырауына ықпалын тигізе алмады. Өйткені қазақтар дініне берік, діліне ұқыпты болды. Атеистік жүйенің идеологтарының қысымына шыдас беріп, халқымыз шынайы ислам дінінің ұлылығын жандарында сақтады. «Біз өзіміздің түркілік тамырымыз бен ислам дінімізді ұмытпауымыз керек. Сол үшін біз Қасиетті Құранды насихаттауымыз тиіс», – деп Қазақстан Президенті айтып өткен болатын. Заманауи қазақ қоғамы түп тамырын жаңғыртып, исламды ғылыми тұрғыдан түсінуге талпынып жатыр.

X-XIV ғасырлардағы гуманизм мен ардың тазалығына шақыратын ислами-діни мотивациялық ортатүрік әдебиеті қазақ әдебиетімен жалғасын тапты. Қазақ өркениеті үшін әлемдік мәдениеттің біте қайнасуы қалыпты құбылыс. Орта ғасырлардан бастап халықтың көркем ойлауын қалыптастыру мен даму жолында діни-ислами ағартушылық көзқарастар ұлттың гумандық тәрбиеленуіне ықпал етті. Поэтикалық мұрада лирикалық-дидактикалық және эпикалық жанрдың діни-ислами мотивтар орын алуы – ұлттық және жалпы адами гуманистік мақсаттардың бірге үйлесім тапқанының көрсеткіші. Діни-ислами ағартушылық қарапайым халыққа поэтикалық шығармалар арқылы кең таралып, ықпал етті. Жалпыға белгілі, қазақ поэзиясындағы тарихи және әдеби негіздердің дамуы және діни-ислами дүниетанымы араб-парсы мәдениеті мен түрік өркениетінің интеграциясы жағдайында жүзеге асты. Діни-ислами және дидактикалық-философиялық шығармалардың өкілдері Қожа Ахмет Иассауи, Ахмет Иүгінеки, Жүсіп Баласағұн, Сүлеймен Бақырғани шығармалары қазақ поэзиясына ықпалы зор екені даусыз. Ұлттық санаға діни-ислами дүниетанымның қалыптасуын қазақ поэзиясы эстетикалық гуманитарлық көзқарастардың исламдық өркениетке бағытталуымен түсіндіреді. Фольклорлық дүниетаным (мақал және мәтелдер, жоқтау, жарапазан, бата, проза) және ақындардың шығармалары (Әбубәкір Шоқанұлы, Шортанбай Қанайұлы, Ыбырай Алтынсарин және басқалары).

Ахмет Иасауи адам бойында кездесетін қанағатсыздық, ашкөздік, надандық, әділетсіздік сынды қасиеттердің болатынына налиды, жалған өмір мен өлімнің ара-қатынасын сипаттай келе, адамдарды жағымсыз әдеттерден арылуға үгіттейді.

«Дүниені мүлкім деген сұлтандарға,  
Әлем малын сансыз жиып алғандарға,  
Он өмір дүние-малын жиса-дағы,  
Өлім келсе бірі де опа болмайды екен.  
Сол жақсы өз жерінде патша болса,  
Әділ болып, бір мүминді қазы қылса,  
Сол қазы барша елді разы қылса.  
Ризалықпен жұмақ үйін алады екен» [1, 185 б.].

«Хакім ата» лақап атымен танылған Түркістандық ақын Сүлеймен Бақырғани өзінің «Бақырғани кітабында» Аллаға есеп беретін Қиямет күнін жырына арқау етеді. Діни мазмұндағы өлеңдер жазып, ұстазы Қожа Ахмет Иассауидің жолын қуады:

«Жаратушы ие, қиямет күні

Мен күнәмді қайда қоямын?  
Осы аһ ұрған өкініш күні  
Мен күнәмді қайда қоямын?  
Таразысы мен көпірін құрса,  
Айдаушылар әзір тұрса,  
Не істегенімді сұраса,  
Мен күнәмді қайда қоямын?  
Пайғамбарлар дізерлеп отырып,  
Бетін жерге баса қалса,  
Баршасы өз (басын) ғана ойласа,  
Мен күнәмді қайда қоямын?  
Арасат (майданына) келтірсе,  
Маған (күнәм жазылған) дәптерді берсе,  
«Дауыстап оқы» деп бұйырса,  
Мен күнәмді қайда қоямын?»

Қазақ поэзиясында Дулат Бабатайұлының ғибратты өлеңдерінің жинағы діни-ислами бағыттағы шығармалармен толысқан (XIX ғасырдың I жартысы). Ақынның мына өлеңдерінде: «Алладан сұрап иманды», «Әуелі Алла айталық», «Ей, мұсылман қарындас» және осы сынды басқа да шығармаларында діни насихат уағыздар тілдің поэтикалық үлгілерімен бейнеленген. «Алладан сұрап иманды» өлеңінде қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік өміріндегі маңызды құндылықтарға жататын ар мен намыстың тазалығы насихатталады:

«Ахиретке барған жоқ,  
Махшар күні болғанда,  
Сауал сұрай келгенде,  
Жауап таппай тұрғанда,  
Тар лахатқа кірген соң;  
Қас жаман сол болар,  
Намаздығын білмейді,  
Білсе білер өлгенде,  
Тәңір алдына барған соң,  
Сонда бір қас, дұшпанды  
Дұшпан демей, не дейміз» [2, 112 б.].

Бұқар жырау «Тілек» атты толғауында Алланың алдында күнәлі болмауды, пендешілікке ермеуді, дүние істеріне алаңдамауды тілейді:

«Бірінші тілек тілеңіз,  
Бір Аллаға жазбасқа.  
Екінші тілек тілеңіз,  
Ер, шұғыл, пасық, залымның  
Тіліне еріп азбасқа.  
Үшінші тілек тілеңіз,  
Үшкілсіз көйлек кимеске,  
Төртінші тілек тілеңіз,  
Төрде төсек тартып жатпасқа.  
Бесінші тілек тілеңіз,  
Бес уақытта бес намаз,  
Біреуі қаза қалмасқа».

Қазақ әдебиетінің негізін салушы, ұлы ақын Абай Құнанбаев өзінің біршама өлеңдерін діни ағартушылық тақырыпқа арнаған. Ақынның: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, рас сөз еш уақытта жалған болмас» деген өлеңі Алланың бірегейлігін нақтылап тұр.

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.  
Көп кітап келді Алладан, оның төрті  
Алланы танытуға сөз айыrmас.  
Аманту оқымаған кісі бар ма?  
Уәктубиһи дегенмен ісі бар ма?

Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,  
Жарлық берді ол сіздерге, сөзді ұғарға.

Қазақ руханилығының түйінделген бітімі Абай философиясы және ол жариялаған «Адам бол!» (яғни адамгершілік) ұстанымы болып табылады. Абай бойынша «мұсылман болу» үш нәрсеге: Аллаға, адамзатқа, әділдікке деген «махаббатты» білдіреді. Исламның адамгершілік шеңберінде, адам бақытының мәнісін түсінуде дүниетанымдық әмбебаптар төрт негізгі ұстанымдарды – әділет, дәулет, ақыл, қанағатты қатаң сақтап жүруге келіп тіреледі. [3, 179 б.].

Шәкәрімнің ықшамдалған мұсылмандық құқық қағидаларында екі нәрсе қатал сақталған: а) қазақы салт-дәстүр мен исламдық нормалардың арасындағы үйлесімдік; ә) жалпыадамзаттық мораль құндылықтарының әмбебаптылығы. Мысалы, адам еркінділігін алайық. Исламның фундаментистік түсініктері бәрі алдын ала жазылған деп адам еркіндігіне шек қояды. Шәкәрім еркіндікті жақсылық пен жамандықтың арасындағы таңдау деп қарастырады.

«Кейбіреулер адамда түк ерік жоқ әрі не қылса Құдай тағала қылғызады деп Алла тағаланың пендеге берген еркіменен талабын танады. Бұл теріс, кейбіреулер: жақсылық, жамандықты басында жаратқан Алла тағала, сол себептен бәрі Алладан дейді. Онан басқа Алла тағала дүниедегі пенденің ісіне тіпті кіріспейді. Бәрін де жаратты дейміз, пайғамбар арқылы ұқтырды да қойды. пенде өзі сүйгенін қыла береді дейді. Бұл ой да теріс ой және кейбіреулер біздің не қылатынымызды бәрін де Алла тағала өзі әлдеқашан біліп жазып қойды, оны қылмай кетуге пендеде не ерік бар дейді. Бұл сөз де ақылсыздықтан айтылады. Алла тағала ешқашан пенденің көңілін жаман іске аудармайды. Жаман істі пенде өз нәпсісіне еріп шайтанның алдауына еріп талап қылады. Оны Алла тағала көрмеуде шарифат һәм молдалар сөзіменен тыйып, жасырынды ойды жүрегіне сезгізіп тыяды. Оған да болмай ұмтыла берген соң, қаһар қылса, тоқтамайды. Жақсылыққа әрқашан бұйырып һәм көңілін де соған аударды. Тілегі дұрыс, жүрегі таза пендесін бірде болмаса, бірде түзу жолға салады» [3, 13 б.].

Шәкәрім Құдайберді ислам дінін ең жоғарғы құндылық ретінде бағалайды: «Адам ақиқатты көзімен ғана емес, ақылдың көзі арқылы таниды». Тағы бір сөзінде былай дейді: ««Оқығандарыңыз кітаптан, оқымағандарыңыз молдалардан естіп білген шығарсыздар. Олай болса біздің қазақ халқының өз тіліменен жазылған кітап жоқ болған соң, араб, парсы кітабын білмек түгіл ноғай тіліменен жазылған кітаптарды да анықтап ұға алған жоқ шығар деп ойлаймын. Сол себептен иман-ғибадат туралы шамам келгенше қазақ тіліменен жазайын деп ойландым. Бұл кітап әрбір қазақ үшін оқуға оңай болып, әрі оларға пайда әрі өзіме сауап болар ма екен деп үміт еттім». [4, 1 б.].

Ұлы ғалым, XIX ғасырдың II жартысының ағартушысы Шоқан Уәлиханов өзінің «Сахарадағы мұсылмандық жайлы» атты еңбегінде қазақ қоғамындағы ислам діні жайлы баяндайды. Ахмет Байтұрсынов ислам дінінің қазақ сөз өнерінің тарихына ықпалы поэтикалық шығармалар арқылы жүзеге асқанын ғылыми тұрғыдан саралап, оны «Діни дәуір» деп атайды.

Қазақ поэзиясындағы арнау өлеңдер «мінәжат» діни-ислами дүниетанымның таралуына түрткі болды. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы Алланың құдіретін жырға қосып, исламды жер жүзіне таратуға себеп болған Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с) сахабаларын мадақтайды. Жалған дүние жайлы «Әй, өмір, анық білдім тозарыңды!», «Ар-намыс, азаматтар, қайда қалған?!» сынды өлеңдері барша мұсылмандарды игілісті іске, мазмұнды, мағыналы ғұмыр кешуге шақырады.

1976 жылы Мұқағали Мақатаевтың діни тақырыпта жазылған өлеңдері оқырман қауымына тек Тәуелсіздік алған жылдардан кейін ғана ұсыныла бастады.

Бұл өлеңдерде ақын ана сүтімен берілетін ата-бабасы ұстанған дінді аса құрметпен жырға қосады, сонымен қатар бауырлас мұсылмандарға шынайы тілегін айтып, Жаратқанға жан сарайындағы арманы мен мақсатын білдіреді:

Сатпаймын, сатқан емен дінімді мен,  
Өлмейтін, өшпейтұғын күнім, білем.  
Таппайтын күнде тыным, түнде тыным,  
Мұсылман Мұхаммедтің үмбетімін.  
Бәрі рас айтқанының ақ Алламның:  
Құм менен топырақтан жаралғанмын,  
Құдайдың құлымын мен, мұсылманмын,  
Денемде түйірі жоқ арам қанның,  
Ақиқатын аңсаймын ақ арманның!

XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басында қазақ поэзия мен ұлттық сөз өнері исламдық дүниетаным тұрпаты ерекше айшықталды. Нұрлан Оразалин, Оразақын Асқар, Серік Қалиев, Дәулетбек Байтұрсынұлы сынды ақындар Жаратқан Алланы жарыса жырға қосып жүр. Философиялық, психологиялық сарынмен тұстасқан өлеңдер ғарыштық және әлемдік кеңістікте үйлесім де, қайшылық та табады. Бұл исламдық тұрғыдан адамгершілік пен құндылықтарға негізделген көзқарастардың сөз өнері арқылы ұлықтауымен түсіндіріледі. Бұл XXI ғасырда да

жалғасын тапты. Ақын Серік Ақсұңқарұлы «Адам мен Хауа ана» жайлы трагедиялық поэмасында Адам мен Хауа ананың диалогы арқылы адамзат тарихындағы қайшылықтар заңдылығын көрсетеді. Поэмада Адам мен Хауаның және олардың ұрпақтарының қайғылы өмірін сипаттайды. Қақтығыстар мен өзара араздықтар, бір-бірін өлтіру, тыйым салынған жемісті жеп, Алланың бұйрығына қарсы шыққан олардың Жұмақтан қуылуы жайлы сөз етіледі.

Ислам діні қазақтың рухани мәдениетіне сөз өнері арқылы көп ықпал етті. Дәстүрлі қазақ өнерінің ауызекі және сөз өнері ислам дінімен үйлесімді түрде жарастық тапқан. Ислам өркениеті ғасырлар бойы тамыр жайған әдемі құбылыс, қазақ халқының этномәдениеті мен рухани құндылықтарын құрайтын, оны жалғастыруға себепші болатын бірден-бір негізгі тұғыр болып табылады.

#### Әдебиеттер:

1. Иассауи Қожа Ахмет. Ақыл кітабы. Жинақты баспаға әзірлеп, қазақшаға аударғандар М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи. – Алматы: Мұраттас ғылыми-зерттеу орталығы, 1993. – 262 б.
2. Бабатайұлы Дулат. Шығармалар: Өсиетнама, өлеңдер мен дастандар. 1-кітап; Дулат тағылымы: сын зерттеулер. 2-кітап. – Алматы: Раритет, 2003. – 288 б.
3. Қазақ халқының философиялық мұрасы. «Қазақ этикасы және эстетикасы». Жиырма томдық. 12-том. – Астана: Аударма, 2007. – 455 б.
4. Шәкәрім Құдайберді. Мұсылмандық шарты. – Орынбор, 1911. – 56 б.

## РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ НА БАЗЕ КАЗАХСТАНСКИХ ИСТОЧНИКОВ

*Шамсудинова Р.В.,  
магистрант, 1 курс, специальность «Религиоведение»,  
КазНУ им. аль-Фараби*

*Научный руководитель:  
Рысбекова Ш.С.,  
д.филос.н., профессор  
КазНУ им. аль-Фараби.*

Религиоведение определяют междисциплинарной наукой, предметом изучения которой является религия [1]. Предмет исследования еще с античности, формирование религиоведения как научного направления характерно совсем недавним периодом. Данная научная категория прошла долгий процесс своего формирования. От трудов античных философов до Нового времени, чтобы приобрести большое влияние на базе научного знания.

История развития религиоведения в Республике Казахстан описывается с 1992 года, с появлением специальности «Религия и свободомыслие» в Международном казахско-турецком университете им. Х.А. Яссауи.

Приказом министра от 15 июля 2014 года №281 утверждена типовая учебная программа для девятого классов «Светскость и основы религиоведения» – приказ, получивший развитие с 1 сентября 2016 года, как начало новой эры влияния науки религиоведения не только для научной сферы, но и сферы публицистики [2].

Начинается разработка учебников для учебной дисциплины, с целью обучения *будущего поколения основам религиоведения и светскости.*

*Предмет исследования:* изучение предмета религиоведение в реалиях современного Казахстана, проявление научных публикаций по данной тематике и их влияние на научный мир.

*Объект исследования:* научная база источников КазНУ и КазНПУ.

*Цель:* проведение контент – анализа научных публикаций за 2014 г.

*Задачи:* выявление актуальных тенденций в изучении религиоведения; разработка анализа по полученным результатам.

*Актуальность* рассматриваемой темы объясняется тем, что с 2014 г. произошел значительный скачок в области написания работ, посвященных религии и предмету религиоведение. Многие из этих работ положили основу для последующих тенденций, активно развивающихся на настоящий период времени. Как результат внешних предпосылок, изучение определенных вопросов области религии, окончательно формируется на базе учебного знания.

На 1 января 2017 года в Казахстане было официально зарегистрировано 3658 религиозных объединений и их филиалов, представляющих 18 конфессий. Всего в республике работают 2550

<b>СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b>	
<b>СЕКЦИЯ: АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ</b>	
Болысбаева А.К. АНАЛИЗ СТЕПЕНИ ОБРАЗОВАННОСТИ ЖЕНЩИН В ИСЛАМСКИХ СТРАНАХ	370
Қабдолда Қ. УАҚЫП ИНСТИТУТЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ: ТҮРКИЯ ТӘЖІРИБЕСІ КІРІСПЕ. МӘСЕЛЕНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	372
Қабдолда Қ. ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ УАҚЫПТАР ТАРИХЫНА ШОЛУ	380
Камалова Ф.Б., Байтенова Н.Ж., Кантарбаева Ж.О. КИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІ АЙҚЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ	385
Карыбаева А.Н., Курманалиева А.Д. ДЕСТРУКТИВНОСТЬ В РЕЛИГИОЗНОМ ПОВЕДЕНИИ	390
Мажен Е., Жамашев А. БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА ДІН МӘСЕЛЕСІ	393
Мустафина Ж.Д., Мәден А.Т. ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ СИМВОЛДЫҚ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ	395
Нукасов Е.С., Мухитдинов Р.С. МАЙЛЫҚОЖА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ НӘПСІ ТАРБИЕСІ	399
Сайлаубекқызы А. ДІНИ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ БЕЛГІЛЕРІ	401
Сарсембаев Р.М. РЕЛИГИОЗНЫЙ ПЛЮРАЛИЗМ КАК СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ ФЕНОМЕН	405
Tutinova N.E. Meirbaev B.B. DEFINITION AND TYPOLOGY OF SOCIO-CULTURAL CONFLICTS	408
Юлдашев Т.У., Бейсенов Б.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС АҒЫМДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	412
Yessekeyeva E.F. RELIGION AND CONTEMPORARY VISUAL ART	416
Абдрахимова Г.Б. ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ СІҢГЕН «СОПЫЛЫҚ» ДІНИ ТЕРМИНІ	418
Абитаева Г.Т., Құрманалиева А.Д. ИСЛАМДЫҚ ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАЛАР АРҚЫЛЫ ҚОҒАМДЫҚ САНАҒА ӘСЕР ЕТУДІҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ	421
Билекен С., Мұқан Н. ОНЛАЙН ӨМІРДІҢ ЗИЯНДАРЫНА ИСЛАМ ЭТИКАСЫ ТҮРҒЫСЫНАН КӨЗҚАРАС	424
Бокенбай Ж.А., Башаров Қ.С. ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДА ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ ТАРАЛУЫНА ҚАРСЫ ӨРЕКЕТ ЕТУ ТЕТІКТЕРІ	427
Болатханова А.Б., Альджанова Н.К. ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТАҒЫ ДІНИ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ДИАЛОГ	430
Даулетбекқызы Д., Байтенова Н.Ж. ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУПТІЛІГІ	432
Есдәулет Е., Құрманалиева А.Д. МӘТУРИДИ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ДІНИ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУДАҒЫ РӨЛІ	435
Жақаев Д.С. ИСЛАМ ТАРИХЫНДАҒЫ СОПЫЛЫҚ ІЛІМ	438
Жеңімпаз Е., Мұқан Н. АҚЫТ ҮЛІМЖІҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РУХАНИ ӨНЕГЕЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР	442
Исаков Б.А., Байтенова Н.Ж. ИСЛАМ АТЫН ЖАМЫЛҒАН ҰЙЫМДАРДЫҢ АДАМЗАТҚА ТИГІЗЕР ӘСЕРІ	445
Исраилова А.Н., Курманалиева А.Д. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫ НАСИХАТТАУ ЖОЛДАРЫ	447
Касинова К.Е., Байтенова Н.Ж. БАТЫС АЙМАҚТАҒЫ КИЕЛІ ТАНЫЛАТЫН ДІНИ ЖӘНЕ ҒИБАДАТ ОРЫНДАРЫ	451
Кершеев Ж.Ж., Әділбаева Ш. «ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫМӘДЕНИЕТТЕР СҰХБАТЫ, ҰЛТТЫҚ КОД ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»: ҚАЗАҚ САНАСЫНДАҒЫ КЕМЕЛ ОТБАСЫ ҮЛГІСІ .....	454
Қонысбекқызы Ү., Борбасова Қ.М. ИСЛАМ ДІНІНЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ «ТӘҢІРЛІК» СЕНІМ	458
Кулмуратова Г.К. ДӘСТҮРЛІ ЕМЕС ДІНИ АҒЫМДАРДЫҢ ДЕСТРУКТИВТІ КӨРІНІСТЕРІ	462
Мағаз С. БІРІККЕН ШІРКЕУ ҰЙЫМЫНЫҢ ІЛІМДІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	465
Мусурманова Д.С. ХАНАФИ МӘЗҒАБЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН	469
Орынбеков Н.А., Құрманалиева А.Д. ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ БЕРУ	472
Отарбаева П.Ф., Құрманалиева А.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМДІ ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРІ	475
Рысбек Т.Ж., Рысбекова Ш.С. САЛАФИЯ АҒЫМЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛУІ	477
Сағнадина А.Т., Борбасова Қ.М. ПРЕСВИТЕРАНДЫҚ АҒЫМДАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	480
Смагулов Н.А., Анарбаев Н.С. ИСЛАМ ДІНІ ҚОҒАМДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІКТІ САҚТАУШЫ ФАКТОРЫ	482
Тлеубердиев Б.К. ҚҰРАНЫҢ ИБРАҺИМДІК ДІНДЕРДІҢ КІТАПТАРЫМЕН ОРТАҚ ТҰСТАРЫ ЖӘНЕ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ	486
Тойғылы Д. ХАДИС ІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖАҒДАЙ	489
Түгел Н.Б. «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРРОРИЗМ» ТҮСІНГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ СИПАТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	492

Хумархан Ж., Құрманалиева А.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРІК ДІНИ ЖАМАҒАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТ САЛАЛАРЫ	496
Шайкенова Р., Бағашаров Қ. ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ ҚҰҚЫҒЫ	500
Шаку М.Е., Байтенова Н.Ж. ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ СӨЗ ӨНЕРІНІҢ ИСЛАМ ДІНІМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ	503
Шамсудинова Р.В., Рысбекова Ш.С. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ НА БАЗЕ КАЗАХСТАНСКИХ ИСТОЧНИКОВ	507
Шойбек Б., Байтенова Н.Ж. ФАКТОРЫ РАСПРОСТРАНЕНИЯ РЕЛИГИОЗНОГО И ИНФОРМАЦИОННОГО РАДИКАЛИЗМА В СФЕРЕ МОЛОДЕЖИ	510
<b>СЕКЦИЯ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕРІНІҢ ДАМУЫ СЕКЦИЯ: ВОПРОСЫ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ</b>	
Жумабекова К.Б. БІЛІМ МЕНЕДЖЕРЛЕРІНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ӘРЕКЕТТЕРІ	514
Калкашев С.Г. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ	518
Кеңесбай Е.Қ. ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ	521
Aman Zh. THE ROLE OF THE TEACHER-PSYCHOLOGIST IN THE FORMATION OF COMMUNICATIVE COMPETENCE IN SENIOR PUPILS	523
Мұқтар Т.Т. ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУ ТУРАЛЫ ФАКТОРЛАРЫ	525
Батжанова М. ФОРМИРОВАНИЯ ОРГАНИЗАТОРСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ	528
Шамсудинова Р.В. ФЕМИНИЗМ СКВОЗЬ ПРИЗМУ КИНО	531
Қуанышбаева А.Т. В.Ф. ШАТАЛОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНАСЫ	535
Казалканова Г. Б ҚҰЗЫРЕТТІЛІК – БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ САПАСЫ	538
Қожанова А.Н. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	541
Makhambetova Zh. T. FEATURES OF INCLUSIVE EDUCATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	544
Успанова Д.К. ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ СТАНОВЛЕНИЕ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ В КОНТЕКСТЕ ЖИЗНЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ	547
Ярликасинова Перизат Базаралықызы САНКЦИЯНЫҢ КЕРІ ӘСЕРІН РЕТТЕУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ	549
Азаматов Нурлан ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРЫ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ	551
Беркінбай Гүлназ Нұржанқызы МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРЫ	554
Ошан Баян МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	556
Жданова А.А. РОЛЬ ПРОЕКТНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ В ОСВОЕНИИ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ ОБЩЕСТВА	559
Ә.Т. Зиядинова ПРОФЕССОР К.Ж. ҚОЖАХМЕТОВ АНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ «ӨЗІН-ӨЗІ» ТАЛУ ПӘНІ МАЗМҰНЫНДА КӨРІНІСІ	562
Шнарбекова Молдир Кақпанбаевна АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ НЕРОДНОГО ЯЗЫКА	564
Шайланов Е.С. ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ НАШАҚОРЛЫҚҚА ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ АЛДЫН-АЛУ ЖҰМЫСЫ	568
Лукпанов А.А. СОЦИАЛЬНАЯ СТРАТИФИКАЦИЯ В СОВРЕМЕННЫХ НЕФТЯНЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ КАЗАХСТАНА И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА ИДЕНТИФИКАЦИЮ И ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ РАБОТНИКОВ	571
Лукпанов А.А. СОЦИАЛЬНАЯ СТРАТИФИКАЦИЯ В СОВРЕМЕННЫХ НЕФТЯНЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ КАЗАХСТАНА И ЕЕ ВЛИЯНИЕ НА ИДЕНТИФИКАЦИЮ И ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ РАБОТНИКОВ	575
Ермаханова Салтанат ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ – ЗОМБЫЛЫҚ КӨРГЕН ӘЙЕЛДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ОҢАЛТУ	579